

21 шілде
Сейсенбі,
2026 жыл

uil-gazet@mail.ru
[Kokjar_tynysy](#)

Газет 1930

жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛДЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР АҚТӨБЕ ТӨРІНДЕ



Өткен аптаның ортасында аймақта «Қазақстанның үздік тауары» республикалық көрме-байқауының өңірлік кезеңі өтті. Байқау қорытындысы бойынша тоғыз жеңімпаз анықталды. Олар жыл соңында Астанада өтетін республикалық кезеңде облыс намысын қорғайды. Өнер орталығында өткен көрменің ашылу рәсіміне облыс әкімі Асхат Шахаров, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасары Аслан Қалиғазин, сондай-ақ даму және қаржы институттары мен бизнес қауымдастықтың өкілдері қатысты.

Дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын байқау отандық кәсіпорындардың өз өнімдерінің сапасын таныстырып қана қоймай, жаңа іскерлік байланыстар орнатуына, әлеуетті серіктестер тауып, өткізу нарығын кеңейтуіне мүмкіндік беретін тиімді алаңға айналды.

Көрмеде өңірдің 80-нен астам кәсіпорны мен шағын кәсіп иелері құрылыс индустриясы, тамақ және жеңіл өнеркәсіп, машина жасау және басқа да салалардағы өнімдерін ұсынды. Келушілер отандық тауарлармен танысып қана қоймай, оларды өндіруші бағасымен сатып алу мүмкіндігіне ие болды.

«Бір ауыл – бір өнім» жобасы аясындағы көрмеге Ойыл ауданының кәсіпкерлері де қатысып, табиғи әрі сапалы өнімдерін көпшілік назарына ұсынды.

Ш. Берсиев ауылдық округінен Асем Аранжанова Ойылдың брендіне айналған дайын тары, талқан және жентің бірнеше түрін таныстырды. 2021 жылдан бері Ойыл өңірінің брендіне айналған табиғи тары мен тарыдан дайындалатын ұлттық өнімдерді өндірумен айналысады. Биыл ол алғаш рет «Бір ауыл – бір өнім» жобасына қатысып отыр.

Кәсіпкердің өнім түрлеріне дайын тары, талқан және жентің бірнеше түрі кіреді. Барлық өнімдер табиғи шикізаттан дайындалып, ұлттық дәстүр мен сапаны ұштастырады. Бүгінде бұл өнімдер Ойыл ауданында ғана емес, Ақтөбе облысының тұрғындары арасында да жоғары сұранысқа ие. Тары – тағамдық құндылығы жоғары, пайдалы дәмді дақыл. Ол көмірсуларға бай болғандықтан ағзаны энергиямен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар құрамында ақуыз, жасуық, В тобының дәрумендері, темір, магний және фосфор сияқты маңызды минералдар бар. Тары ас қорыту жүйесінің қалыпты жұмысына ықпал етіп, ұзақ уақыт тоқтық сезімін сақтауға көмектеседі. Табиғи түрде глютенсіз болғандықтан, глютенді тұтына алмайтын адамдар үшін де қолайлы тағам.

Осы көрмеде табиғи сүт өнімдерінің кең асортиментін ұсынған

Саралжын ауылдық округінен Қызғалдақ Сапарова 2022 жылдан бастап «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында тауарлық несие алып, өз жеке кәсібін бастаған. Тауарлық несиеге 10 бас мүйізді ірі қара мал алып, сүт өнімдерін өндіріп тұтынушыларына ұсынды. Атап айтқанда қаймақ, сары май, балқаймақ, ірімшік, құрт, қайнатылған құрт, сарысу, майқұрт, айран, брынза, чечил өндіріп шығарып, аудан халқын қамтамасыз етіп, облыс орталығына сұраныспен жеткізіп қызмет көрсетіп отыр.

Сарбие ауылдық округінен барған Еркебұлан Сиражов жылқы саумалынан дайындалған тіл үйіретін бал қымыз бен ысталған қымызды көрме қонақтарына ұсынды. 2019 жылдан бері бие сауып қымыз өндірісін дамытып келе жатқан Еркебұлан Мұханбетжанұлы «Бір ауыл – бір өнім» жобасына алғаш рет қатысып отыр. Кәсіпкердің негізгі өнімдері – Сираж саумалы, Сираж қымызы (ысталған), Сираж балқымызы. Қымызды күнделікті Ақтөбе қаласы, Ойыл өңіріндегі ауылдарға ұсынады. Жоба толықтай кәсіпкердің өз қаражатына жүзеге асырылған.

Көрме қорытындысы бойынша арнайы комиссия 20 үздік өнімді іріктеп, жартылай финал кезеңіне жолдама берді. Биыл Ойыл ауданының атынан қатысқан кәсіпкерлер жартылай финалға өте алмағанымен, бұл байқау олардың тәжірибе жинақтап, өзара пікір алмасуына үлкен мүмкіндік болды. Алдағы жылы тың идеялар мен сапалы өнімдерін ұсынып, жоғары нәтижелерге қол жеткізеді деген сенімдеміз.

Көрмеге қатысқан барлық кәсіпкерлердің еңбегі жоғары бағаланып, олар арнайы алғыс хаттармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

СУАРМАЛЫ ШАБЫНДЫҚ - САПАЛЫ АЗЫҚҚА СЕНИМДІ КЕПІЛ

«МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ – МАҢЫЗДЫ НАУҚАН». БҰЛ КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢНІҢ ҰРАНЫ. БІРАҚ, ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ӨЗЕГІ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ БІЗДІҢ АУДАН ҮШІН БҰЛ ҰРАН БҮГІНДЕ ӨЗЕКТІ. СОНДЫҚТАН, АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ ӨТКЕН АПТАДА АУДАНДАҒЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫҢ МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ.



Алдымен Кептоғай ауылдық округінде болған аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы ондағы «Шеркеш» шаруа қожалығына барып, қысқы мал азығын дайындау жұмыстарының назар аударды. Өйткені, мұнда соңғы жылдары шаруашылықтар ден қоя бастаған судан шөбі егілген. Қазіргі таңда шабындықта шөп шабу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Шаруашылық басшысы Бекжан Асхатұлы биыл судан шөбін егуді қолға алғанын айтып, мамыр айында себілген дән бүгінде кісі бойымен бірдей алқапқа айналғанын айтса, аудан әкімі Кептоғай ауылдық округіндегі жұмыс сапарын «Досым» шаруа қожалығының жұмысымен танысумен жалғастырды. Мұнда да шаруашылық жетекшісі Әлібек Өмірғали екінші жыл қолға алған суармалы шабындықтың жемісі туралы жеткізді. Сапар барысында ша-

руа қожалықтарының өндірістік жұмыстары, егістік алқаптарының жай-күйі және мал азығын дайындау науқанының барысы қаралды. Аудан әкімі шаруашылықтағы жұмыстардың қарқынына оң бағасын беріп, ауыл шаруашылығы саласын дамыту, еңбек өнімділігін арттыру және қысқы кезеңге қажетті жемшөп қорын уақытылы әрі сапалы дайындаудың маңыздылығын атап өтті. Өйткені, қысқы мал азығын молынан дайындау – мал шаруашылығын дамытудағы маңызды міндеттердің бірі. Осы бағыттағы жұмыстар аудан көлемінде тұрақты бақылауда екенін жеткізді. Сондай-ақ, аудан әкімі жұмыс сапарымен Сарбие, Қараой ауылдық округтеріне барды. Алдымен Қараой округіндегі «Теңдік», «Кете» шаруа қожалықтарының жұмысымен танысты. Одан әрі өрт сөндіру

бекетімен, балалар ойын алаңы және ветеринария бөлімшесінің жай күйін қарады. Сонымен қатар Сарбие ауылдық округіндегі ауыз су резервуарының жұмысымен танысты. Аудан әкімі негізінен суармалы алқаптарға ден қойса, ал, ауданда құрылған жұмысшы топ Берсиев атындағы және Саралжын ауылдық округтеріне жұмыс сапарымен барып, қысқы мал азығын дайындау науқанының барысымен танысты. Шаруашылықтардың қысқы мал азығын дайындау деңгейі,

дегі «Спарта» шаруа қожалығының жұмысымен де танысты. Аталған шаруашылықта қауын-қарбыз, қызанақ және қияр өсірілуде. Бүгінде бау-бақша өнімдері күтіп-бапталып, өнімді жинау жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізілуде. Қазіргі таңда шаруашылықта 10 адам жұмыспен қамтылған. Мұнда суару, күтіп-баптау және өнім жинау жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылып, тұрғындарды сапалы көкөніс және бақша өнімдерімен қамтама-



техникамен қамтамасыз етілуі және науқанның ұйымдастырылу барысы қаралды. Сонымен қатар жем-шөп дайындау жұмыстарының белгіленген мерзімде аяқталуы, шабындықтарды тиімді пайдалану және еңбек, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау мәселелеріне ерекше назар аударылды. Сапар аясында Саралжын ауылдық округі-

сыз ету бағытында еңбек етілуде. Жұмыс сапарының қорытындысында аудан әкімінің орынбасары тиісті мемлекеттік мекемелер басшылары мен округ әкімдеріне қысқы мал азығын дайындау жұмыстарын уақытылы әрі сапалы аяқтау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өндірісінің көлемін ұлғайту туралы тапсырмалар берілді.

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ - 2026

Қазақстан Республикасының сайлау учаскелерінен тыс жерде дауыс беру

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Денсаулық жағдайына, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне, сондай-ақ сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты дауыс беру күні сайлау учаскесіне келе алмайтын Қазақстан Республикасының азаматтары дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге құқылы.

Ол үшін сайлаушы дауыс беру күні (2026 жылғы 23 тамыз) жергілікті уақытпен сағат 12:00-ден кешіктірмей, өзінің тіркелген аумағындағы учаскелік сайлау комиссиясына барып, болатын жері бой-

ынша дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша өтініш беруге қажет.

Дауыс беру күні учаскелік сайлау комиссиясының мүшесі берілген өтініш негізінде және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін сайлаушыға дауыс беруге арналған бюллетень береді. Дауыс беруге арналған бюллетеньді алу фактісі өтініште сайлаушының қолымен куәландырылады. Учаскелік сайлау комиссиясының бюллетеньді берген мүшесі оған өзінің қолын қояды, сондай-ақ сайлаушының өтінішінде қол қояды. Дауыс беруді өткізу кезінде сайлаушының ерік білдіру құпиясының міндетті сақталуы қамтамасыз етіледі.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ КЕПІЛІ

Конституция — кез келген тәуелсіз мемлекеттің құқықтық іргетасы, қоғам мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасын айқындайтын басты құжат. Ол азаматтардың құқығы мен бостандығына кепілдік беріп қана қоймай, еліміздің саяси, әлеуметтік және экономикалық даму бағытын белгілейді. Демек, Конституцияны жетілдіруге бағытталған әрбір бастама мемлекетіміздің болашағына арналып маңызды қадам екені айқын.

Жаңа Конституция қоғамның қазіргі сұраныстары мен заман талаптарын ескере отырып әзірленген. Оның негізгі мақсаты — заң үстемдігін одан әрі нығайту, мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігі мен ашықтығын арттыру, адам құқығын қорғау тетіктерін жетілдіру және халықтың мемлекеттік шешімдер қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігін кеңейту. Қазіргі таңда әлем қарқынды өзгерістер кезеңін бастан өткеруде. Мұндай жағдайда кез келген мемлекеттің табысты дамуы оның құқықтық жүйесінің беріктігіне, қоғамдық келісімнің сақталуына және мемлекеттік институттардың тиімді

жұмысына тікелей байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, Конституцияның уақыт талабына сай жетілдірілуі еліміздің орнықты дамуына тың серпін береді.

Ойыл өңірі — бірлігі бекем, еңбекқор халқы бар қасиетті мекен. Аудан тұрғындары қай кезеңде де елдік мүддені бірінен биік қойып, қоғамдық тұрақтылықты сақтауға және туған жердің дамуына лайықты үлес қосып келеді. Сонымен қатар ел өміріндегі маңызды бастамаларға әрдайым белсене қатысады. Алдағы уақытта да осы игі дәстүр жалғасып, ортақ мақсат жолындағы ынтымағымыз нығая түсетініне сенімдімін.

Еліміздің болашағы — барша-мыздың ортақ жауапкершілігіміз. Сондықтан әрбір азамат Конституцияның мәні мен маңызын терең түсініп, оның қағидаттарын құрметтеп, заң талаптарын бұлжытпай орындауға ұмтылуы қажет. Бұл — құқықтық мемлекет қалыптастырудың және келер ұрпаққа қуатты, тұрақты ел қалдырудың басты кепілі.

Болат БАҚТЫГЕРЕЕВ,
Ойыл аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ҚОҒАМНЫҢ БОЛМЫСЫ ӘЙЕЛ ВЕЩІСІНДЕ



Ойыл аудандық орталық кітапханасының ұйымдастыруымен «Түнгі кітапхана» жобасы аясында «Қазақ қоғамының болмысын әйел бейнесі арқылы таныту» атты библио-кафе кеші өтті. Сағат 21:00 де басталған кешке «Ойыл аудандық белсенді өмір сүру орталығының» аналары арнайы шақырылды.

«Түнгі кітапхана» жобасы аясында қазақ әйелінің қоғамдағы орны, отбасы мен тәрбиедегі рөлі, ұлттық құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудегі еңбегі болмысымызды танытатын көркем шығармаларға шолу жасалды.

Орталық қатысушылары әдебиетке келгендердің өнегелі қасиеттері туралы өз ойларымен бөлісіп,

тағылымды пікір алмасу алаңына айналған әсерлі кештің куәсі болды.

Библио-кафе форматында өткен кездесу жылы әрі еркін атмосферада ұйымдастырылып, ұлттық тәрбие, әйелдің қоғамдағы миссиясы, отбасы құндылықтары мен рухани мұраның маңызындығы жөнінде сұхбатқа ұласты. Әдебиет арқылы қазақ әйелінің қайсарлығы, даналығы, мейірімі мен парасаты дәріптеліп, қатысушылар ерекше әсер алды.

Осындай тағылымды кешке сабақтастық мақсатында қатысқан жас келіндер мен бойжеткен қыздарға орталық қатысушылары арнайы ақылдарын айтып, келісті әңгіме өрбітіп, парасатты пайымыдарымен бөлісті.

Бұндай кездесулер жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттырып, кітап оқуға деген ынтасын оятып, рухани дүниесін байыта түсетіні сөзсіз.

Мүлік салығы16 жасқа дейін әлеуметтік желіге тыйым: оның пайдасы мен тәуекелі қандай?

Мүлік салығын уақытылы төлеу – әр азаматтың міндеті. Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жеке тұлғалар өздеріне тиесілі тұрғын үй, пәтер, саяжай, гараж және өзге де жылжымайтын мүлік объектілері үшін мүлік салығын төлеуге міндетті. Мүлік салығы – жергілікті бюджеттің маңызды кіріс көздерінің бірі. Түскен қаражат ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, инфрақұрылымды жақсартуға, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және басқа да қоғамдық маңызы бар салаларды қаржыландыруға бағытталды. Ойыл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы аудан тұрғындарын мүлік салығын белгіленген мерзімде төлеуге шақырады. Салық міндеттемесін уақытылы орындау өсімпұлдың есептелуіне

не жол бермейді және заң талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді. Мүлік салығының сомасын «e-Salyq Azamat» мобильді қосымшасы, «Kaspi.kz», «Halyk», сондай-ақ екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшалары арқылы немесе Мемлекеттік кірістер комитетінің электрондық сервистері арқылы тексеріп, төлеуге болады. Құрметті аудан тұрғындары! Салықты уақытылы төлеу – әрбір азаматтың заң алдындағы жауапкершілігі әрі туған өлкеміздің дамуына қосқан үлесі. Осыған байланысты мүлік салығын кешіктірмей төлеулеріңізді сұраймыз. Мүлік салығының төлеу уақыты 01-ші қазан 2026 жылға дейін. Қосымша ақпарат алу үшін Ойыл ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасына хабарласуға болады. тел 2-16-76; 2-18-33; 2-18-53

Ойыл ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы

ҰН ӨНІМІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ НЕНІ ЕСКЕРУ КЕРЕК?

ҰН ӨНІМДЕРІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ – АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАУДА МАҢЫЗДЫ ОРЫН АЛАТЫН ТАЛАПТАРДЫҢ БІРІ. ҚАУІПСІЗ ӨНІМ ӨНДІРУ ШИКІЗАТТЫ ДҰРЫС ТАҢДАУДАН БАСТАЛЫП, ОНЫ ӨНДЕУ, САҚТАУ, ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ ТҰТЫНУШЫҒА ЖЕТКІЗУ КЕЗЕҢДЕРІНІҢ БАРЛЫҒЫНДА САҚТАЛУЫ ТИІС.



Ұн сапалы әрі қауіпсіз болуы үшін ол таза, зиянкестермен зақымданбаған, көгермеген және бөгде иіссіз астықтан дайындалуы қажет. Өндіріс барысында санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуы өнімнің микробиологиялық және химиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар ұн құрамында адам денсаулығына зиян келтіретін ауыр металдардың, пестицидтердің, микотоксиндердің және басқа да қауіпті заттардың рұқсат етілген мөлшерден аспауы маңызды. Ұнды сақтау жағдайы да оның қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді. Ол құрғақ, жақсы желдетілетін, күн сәулесі тікелей түспейтін және зиянкестерден қорғалған қоймаларда сақталуы керек. Қоймадағы ылғалдылық пен температураның қалыпты деңгейде болуы ұнның көгеруіне, ашуына және сапасының төмендеуіне жол бермейді. Ұннан дайындалатын нан, макарон, кондитерлік және басқа да өнімдер өндірісінде тазалық пен технологиялық тәртіп қа-

таң сақталуы қажет. Өндірістік жабдықтар үнемі тазартылып, қызметкерлер жеке бас гигиенасы талаптарын орындауы тиіс. Бұл тағамдық уланудың және зиянды микроорганизмдердің таралу қаупін азайтады. Тұтынушылар ұн өнімдерін сатып аларда қаптамасының бүтіндігіне, жарамдылық мерзіміне, сақтау шарттарына және өнімнің сыртқы түріне назар аударуы қажет. Бөгде иісі бар, түсі өзгерген немесе зиянкестер байқалған өнімдерді пайдалануға болмайды. Қорыта айтқанда, ұн өнімдерінің қауіпсіздігі – өнім сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Шикізатты дұрыс таңдау, өндірістік және санитариялық талаптарды сақтау, сондай-ақ өнімді дұрыс сақтау мен тасымалдау халықтың сапалы әрі қауіпсіз тағаммен қамтамасыз етілуіне мүмкіндік береді.

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

Балалардың әлеуметтік желіні пайдалануына жас шектеуін енгізу соңғы екі жылда жаһандық үрдіске айналды. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (OECD) мәліметінше, 2023 жылдың соңында мұндай бастаманы бір ғана мемлекет көтерсе, 2026 жылдың сәуіріне қарай олардың саны 25-ке жеткен. Қазақстан да бұл үрдістен шет қалған жоқ. Елде 16 жасқа дейінгі балалардың әлеуметтік желілерге тіркелуіне шектеу енгізуді көздейтін заң жобасы әзірленіп жатыр. Бұл мәселе неге дәл қазір көтерілді? Өлем елдері қандай жолды таңдады? Мұндай шектеулер балаларды шынымен қорғай ала ма? Осы сауалдарға жауап іздеп көрдік. Бүгінде балалардың әлеуметтік желіде өткізетін уақыты ғана емес, интернеттегі қауіптердің де артуы көптеген елді жаңа шаралар қабылдауға мәжбүрлеп отыр. Мәселен, ЭЫДҰ-ның 2025 жылғы «Балалардың цифрлық дәуірдегі өмірі» баяндамасына сәйкес, 2017-2022 жылдар аралығында ұйымға мүше елдерде кибербуллингке ұшыраған балалардың үлесі орта есеппен 25%-дан астам өскен. Ал әрбір алтыншы бала интернетте қорлауға немесе кемсітуге тап болғанын айтқан. Көріп отырғанымыздай, бұған дейін негізгі мәселе кибербуллинг пен зиянды контент болса, бүгінде оған онлайн-груминг, интим материал арқылы бопсалау, сондай-ақ жасанды интеллект көмегімен жасалатын дипфейктер қосылып отыр. Мәселен, UNICEF, ECPAT және INTERPOL жүргізген зерттеу 11 елдегі кемінде 1,2 миллион баланың соңғы бір жыл ішінде AI арқылы жасалған сексуалдық сипаттағы жалған бейнелердің құрбаны болғанын немесе осындай қауіпке тап болғанын көрсеткен. Бұл мәселе Қазақстан үшін де өзекті. Мәселен, UNICEF пен Оқу-ағарту министрлігі 2023 жылы жүргізген Kazakhstan Kids Online зерттеуіне сәйкес, елдегі балалардың 15,3%-ы интернетте күн сайын жағымсыз немесе зиянды контентке тап болатыны белгілі болған. Ал әрбір бесінші бала (21%) кибербуллингке ұшырағанын айтқан. Сонымен қатар балалардың 10%-ы бұрын кездеспеген адамдарды достар қатарына қосса, 11%-ы бейтаныс адамдарға фото немесе видео жіберген. Бұл үш жыл бұрынғы дерек екенін ескерсек, қазір жағдай бұдан да күрделі болуы мүмкін. Өлем әлеуметтік желіні қалай реттеп жатыр? UNICEF мәліметінше, бүгінде цифрлық қауіптердің сипаты өзгеріп, жағдай барған сайын ұшығып барады. Сондықтан көптеген ел әлеуметтік желілерді реттеудің жаңа тетіктерін іздеп жатыр. Солардың ішінде ең қатаң шешімдердің бірі Аустралия қабылдады. Елде 2025 жылдың желтоқсанынан бастап 16 жасқа толмаған балаларға TikTok, Instagram, Facebook, YouTube және басқа да әлеуметтік желілерді пайдалануға тыйым салынды. Заң талабын орындамаған платформаларға 49,5 миллион аустралия долларына дейін айыппұл салынуы мүмкін. Жасты тексеру міндеті балаларға емес, ӘЖ компанияларының өзіне жүктелген. Алайда алғашқы зерттеулер заңды орындау оңай емес екенін көрсетіп отыр. Сарапшылардың мәліметінше, көптеген платформа пайдаланушылардың жасын нақты тексермейді. Сондықтан балалардың басым бөлігі ӘЖ бұрынғыдай пайдаланады. Еуропада әзірге әлеуметтік желіге қатысты бірыңғай жас шектеуі жоқ. Дегенмен көптеген мемлекет ұлттық

заңнамасын қатаңдатып жатыр. Норвегия, Польша және Аустрия 14–16 жасқа дейінгі балаларға әлеуметтік желі қолдануды шектейтін заң жобаларын әзірлеп жатыр. Португалия, Германия, Франция және Италия жасөспірімдердің әлеуметтік желіні пайдалануына ата-анасының келісімі талап етіледі немесе осындай талапты енгізу қарастырылып жатыр. Азияда да осыған ұқсас үрдіс байқалады. Индонезия балалардың әлеуметтік желідегі аккаунттарына кезең-кезеңімен шектеу енгізіп жатыр. Малайзия 2026 жылдан бастап 16 жасқа дейінгі балаларға әлеуметтік желі қолдануға тыйым салатынын жарияласа, БАӘ әлеуметтік желіні пайдаланудың ең төменгі жасын 15 жас деп белгіледі. Қазақстан да бұл үрдістен тыс қалған жоқ. Kazinform агенттігінің ресми сауалына берген жауабында БАҚ саласындағы мемлекеттік саясат департаментінің директоры Анар Мұқатаева «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне онлайн-платформалар және масс-медиа мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы әзірленгенін атап өтті. Оның сөзінше, құжат қазір Үкіметтің қарауында. – Қазіргі таңда халықаралық тәжірибе зерделеніп, мемлекеттік органдар мен онлайн-платформалардың қатысуымен жаңа талаптарды іске асырудың техникалық және ұйымдастырушылық тетіктері пылектеліп жатыр, - деді ол. Анар Мұқатаеваның мәліметінше, заң жобасында 16 жасқа дейінгі пайдаланушылардың онлайн-платформаларда тіркелу тәртібін реттейтін жаңа бап енгізу ұсынылған. Оған сәйкес, жедел хабар алмасу сервистерін қоспағанда, 16 жасқа дейінгі балаларды онлайн-платформаларда тіркеуге тыйым салу көзделген. Министрліктің түсіндіруінше, бұл шара балаларды жасына сәйкес келмейтін контенттен, кибербуллингтен және әлеуметтік желіге тәуелділік қаупінен қорғауға бағытталған. Сонымен қатар айта кету керек, бұл заң жобасы білім беру және басқа да цифрлық ресурстарға қолжетімділікті шектемейді. Әлеуметтік желіні шектеу мәселені шеше ме? Алайда мұндай шектеу балаларды шынымен қорғай ала ма? Бұл туралы балалармен 20 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан психолог Ғайни Ықыластан сұрадық. Оның айтуынша, бұл балалардың ұйқысы мен эмоционалдық жағдайына оң әсер етіп, әлеуметтік желіден тыс белсенділікке көбірек уақыт бөлуіне мүмкіндік береді. Алайда психолог гаджетті бақылаусыз пайдаланудың салдары тәжірибеде қазірдің өзінде байқалып отырғанын жеткізді. – Әлеуметтік желіде ұзақ уақыт отыру баланың мазасыздығы мен депрессиясының күшеюіне, өзін өзгелермен салыстыруына, өзін-өзі бағалауының төмендеуіне және ұйқысының бұзылуына әсер етеді. Соның салдарынан оқу үлгерімі төмендеп, зейін шашырайды. Мәселен, жақында бізге 10 жасар бала келді. Оқу үлгерімі өте төмен, қарапайым оқу, жазу, қосу, азайту сияқты дағдыларды меңгермеген. Тексеру барысында денсаулығында да, ми дамуында да органикалық бұзылыс анықталған жоқ. Кейін белгілі болғанда, бала кішкентай кезінен гаджетпен өскен, ата-анасы жеткілікті көңіл бөлмеген. Арнайы психиатриялық тексеруден кейін оған диагноз қойылды. Бұл гаджетті бақылаусыз пайдаланудың сау баланың дамуына да кері әсер етуі мүмкін екенін көрсетіп отыр, - деді психолог.

Маманның айтуынша, бұдан да күрделі жағдайлар тәжірибеде жиі кездеседі. Гаджетті бақылаусыз пайдаланудың салдары тек оқуына, мінез-құлқына ғана емес, балалардың психикалық жағдайына да кері әсер етіп жатыр. – Мәселен, 14–15 жастағы жасөспірім келді, ол әлеуметтік желіні ешқандай шектеусіз пайдаланудың салдарынан өте агрессивті болып кеткен. Ата-анасына қол көтеріп, үйдегі заттарды сындырған, ешқандай ескерту қабылдамайтын жағдайға жеткен. Мұндай кезде психологтың көмегі ғана жеткіліксіз. Кей жағдайда психиатрдың араласуы мен дәрі-дәрмекпен емдеу қажет. Өкінішке қарай, мұндай жағдайлар кездесіп тұрады, - дейді Ғайни Ықылас. Неліктен дәл 16 жас деген шек қойылып отыр? Сондықтан да психолог маман әлеуметтік желіні қолдануға жас шектеуін енгізу дұрыс шешім деп санайды. – Мұндай шектеу енгізілсе, олар ӘЖ-ден тыс ортада көбірек қарым-қатынас жасап, спортқа, шығармашылыққа уақыт бөледі. Сөйтіп, баланың ұйқы рәжیمی жақсарып, эмоциялық тұрақтылығы артады. Алайда мемлекеттік деңгейде әлеуметтік желіні шектеумен ғана мәселе шешілмейді. Егер ата-ананың өзі таңнан кешке дейін телефоннан шықпаса, мұндай тыйымның әсері аз болады. Сондықтан ең алдымен ересектер үлгі көрсетіп, баламен көбірек уақыт өткізіп, цифрлық сауаттылық пен интернеттегі қауіпсіздік ережелерін үйретуі керек, - деді Ғайни Ықылас. Сондай-ақ ол 16 жас шегі де кездейсоқ таңдалмағанын да ерекше атап өтті. – Адамның өзін-өзі бақылауға, жауапкершілік алуға және эмоциясын басқаруға жауап беретін ми бөліктері шамамен 15–16 жасстан бастап қарқынды дамып, толық қалыптасуы 25 жасқа дейін жалғасады. Сондықтан осы кезеңге дейін балаларды әлеуметтік желінің ықтимал зиянынан қорғауға ұмтылудың ғылыми негізі бар, - деп түйіндеді Ғайни Ықылас. ӘЖ пайдаланушыларының жасын тексеру мүмкін бе? Ендігі ең үлкен сұрақ – баланың жасын қалай анықтайды? Заң жобаларының ең күрделі тұсы да - осы. Егер Қазақстанда 16 жасқа дейінгі балаларға әлеуметтік желілерді пайдалануға шектеу енгізілсе, платформа қолданушының нақты жасын қалай анықтайды? Alliance QazTech ақпараттық қауіпсіздік комитетінің тең төрағасы Евгений Питолиннің айтуынша, пайдаланушының жасын техникалық тұрғыдан анықтауға болады. Алайда әзірге мінсіз тәсіл жоқ. – Жасты тексеруге болады. Бірақ барлық әдістің өз кемшілігі бар. Қазір әлемде бірнеше тәсіл қолданылып жүр. Мәселен, Мета қолданушының көрсеткен туған күніне ғана емес, желідегі әрекетіне де назар аударады. Ол адамның не жариялайтынын, жазған пікірлерін, мектеп немесе туған күні туралы жазбалары бар жоғын талдайды. Сонымен қатар адамның жас шамасын анықтау үшін бет-әлпетінің жалпы белгілерін саралайды. Бұл жерде нақты адамды тану емес, тек жас ерекшелігін бағалау туралы айтып отырмыз. Бұдан бөлек, құжат немесе селфи арқылы жасты растау тәсілі бар. Сондай-ақ тағы бір шешім – «жас токени» (Age tokens). Бұл - пайдаланушының белгілі бір жасқа толғанын растайтын цифрлық куәлік. Ол арқылы адам аты-жөнін немесе нақты туған күнін көрсетпей-ақ, жасын дәлелдей алады, - дейді сарапшы. Оның айтуынша, Қазақстанда жасты eGov арқылы

тексеру мүмкіндігі қарастырылып жатыр. – Бұл – ең қолайлы тәсілдердің бірі. Өйткені eGov көпшіліктің телефонында бар. Егер әлеуметтік желіге тіркелуді мемлекеттік деректер базасымен байланыстыру мүмкін болса, қосымша жеке мәлімет жинамай-ақ жасты растауға болады. Бірақ мұның нақты қалай іске асатыны әзірге анықталған жоқ, - дейді Евгений Питолин. Мұндай шектеуді айналып өтуге бола ма? Сарапшының сөзінше, әлемдік тәжірибе жасты тексерудің жүз пайыз сенімді жүйесі әлі жоқ екенін көрсетіп отыр. – Ең оңай жолы – туған күнін жалған көрсету. Сондай-ақ балалар VPN қолданып, тексеруі әлсіз елдің аймағын таңдайды, ата-анасының аккаунтын немесе басқа адамның құжаттарын пайдаланады. Тіпті Ұлыбританияда жасанды интеллектіні алдау үшін жалған мұрт жапсырған жасөспірімдер де болған. Зерттеулерге сәйкес, Ұлыбританиядағы балалардың шамамен үштен бірі жас шектеулерін айналып өтуді меңгерген. Қазақстанда да жағдай ұқсас. Қазір жасты тексеру механизмі іс жүзінде жоқ деуге болады. Сондықтан бес жасар бала да әлеуметтік желіде аккаунт аша алады, - дейді ол. Қазақстан қандай қиындатқарға тап болуы мүмкін Евгений Питолиннің пікірінше, мұндай талап енгізілсе, ең алдымен үш мәселені шешуге тура келеді. Олар – жасты тексерудің тиімді тәсілін таңдау, қауіпсіздікті күшейте отырып, пайдаланушыға қолайсыздық туғызбау және жүйені eGov платформасымен біріктіру. – Егер барлық адамнан төлқұжат сұрайтын болса, бұл көпшілікке қолайсыз болады. Ал тексеру тым жеңіл болса, одан нәтиже шықпайды. Бұған қоса, eGov-пен біріктіру кезінде әлеуметтік желіге пайдаланушының тек жасы туралы мәлімет берілуі керек, ал басқа жеке деректері жария болмауы тиіс. Сондай-ақ жүйенің тұрақты жұмысын қамтамасыз етіп, оны DDoS-шабуылдардан қорғау қажет, - дейді спикер. Балалардың жеке деректері қалай қорғалуы керек? Сарапшының айтуынша, жасты тексеру жеке деректерді өңдеумен тікелей байланысты. Сондықтан ең басты талап - балалардың жеке мәліметінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. – Қазір кеңінен қолданылып жүрген жасты тексеру жүйелерінің өзі жеке деректердің қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін. Сондықтан мұндай талаптарды енгізгенде тексеру жүйесін іске қосу жеткіліксіз. Ең бастысы – пайдаланушы туралы мүмкіндігінше аз мәлімет жиналуы керек. Деректер пайдаланушының құрылғысының өзінде өңделгені дұрыс. Олар қажет болғаннан артық сақталмауы және басқа мақсаттарға, мысалы жарнама үшін пайдаланылмауы тиіс. Сондай-ақ жүйе ақпараттың сыртқа шығып кетуінен барынша қорғалуы қажет, - деп түйіндеді Евгений Питолин. Қорытындылай келе, балалардың әлеуметтік желілерді пайдалануын реттеу – тек жас шектеуін енгізумен шешілетін мәселе емес. Ең тиімді нәтиже заңнамалық талаптар, платформалардың жауапкершілігі, ата-ананың бақылауы және балалардың цифрлық сауаттылығын қатар күшейткенде ғана мүмкін екенін байқап отырмыз. Айта кетейік, Ұлыбритания үкіметі 16–17 жастағы жасөспірімдер үшін әлеуметтік желілерді пайдалануға қатысты ерікті түнгі шектеулер енгізетінін мәлімдеді.

Назәрке СҮЙІНДІК,
kaz.inform.kz

Ауылдың тіршілігін бақылып, өткені мен бүгінін салғастырып, өзімнің де бала күнімде жүрген ізімде қайталап, ескі күннің естеліктерімен табысып, бек жайдарлы күйде жатқанымға алтыншы күн толған. Отбасымызбен кешкі асты ішіп, екі жақты әңгімелер айтып отырғанбыз. Әкем өзінің құтты орнында, мен есейгелі өзгеше отырысын көргенім аз екен. Үстелдің оң жағында, арқасын қабырғаға беріп, самарқау кепіпте отыр. Жасы келіп шашына ақ жүріп, жүзіндегі әжімі тереңдесе де, денесіне біткен бұлшық етінің бедері білініп тұр. Қимыла әлі ширақ. Шүкір! Әкем – әңгімешіл жан. Сонысына сай, тыңдауға да құмар. Қазір де, өзі әңгімесін айтып аяқтаса, маған құлақ түріп, жүзінен ризашылығы көрініп, жанарынан мейірім төге, қарап отыр. Кенет, сырттан дүрілдеген көлік дыбысы шығып, терезеге шағылыса жарығы түсіп, тоқтағаны білінді. Ағам шығып, қарсы алуға кеткен. Қайта оралмай, көп кешікті. Қалғандарымыз оны-мұны айтып, әрі-сәрі күйде қалдық. Өлден уақыттан кейін ағам да үйге кірді-ау! Қонақтардың бірге келмегеніне қарағанда, асығыс жүргендері белгілі. Бізге қызықтысы тоқтаған мақсаттары, айтқан бұйымтайлары еді. Ағам іле жауап беріп, қасқыр қарауға келген аңшылар екенін айтып жатыр. Ө, түсінікті! Өрі, қызықты...

Қыс басталғалы, жон тауларда ит-құстың жортуы көп болып тұрғанын келерден бұрын да естіген едім. Жеке-дара ғана емес, үйірімен көрінуі – шопан біткенді алаңдатып қойғаны да бар. «Ал-ды-жұтты, әкетті, қырды», – деген айқайдан ада болса да, апта салып, кейде күн аралатығын ірі қараның ұяғынаны, ұсақ малдың да жарылғаны естіліп тұрған. Енді соның алдын алу үшін ел ішіндегі аңшыларға хабар тараған-ды. Ең болмаса біреуін алар, болмағанға да мылтықтың дауысы шығып, топты адамның ізін көрсе, бағытын ауыстырып, аз-мәз болса да тиялар деген ойларды. Жаңағы жолаушылардың жайы түсінікті болды. Ал, бұйымтайлары қасқыр қарауға атпен ілесетін «айдаушы» керек. Осы іске мекенді ауылдардың жігіттері шығуы лазым. Біздің ауылдан екі атты кісі дайын болғаны, үшінші адамға Қазақстаннан келіп, ерігіп, тау кезіп жүрген мені қолқалай, қоспақ – ұсыныстары. Өздері машинамен жайлау жұртқа дейін барып, теріскей жағының қасқыр жүреді-ау деген жолдарын қарауылдамақ... Мен, әрине, дайынмын. Өзімде жалғыз тау кезіп, тұрақ таппай жүрген жайым мынау. Жонға дейін қасқыр қарай, атпен барып-келу, олжалы қайтпасам да, қызықты серуен болары даусыз. Өнбе, жондағы Күрөң айғырдың үйірін қораға әкеліп, жабулап, белгі тағамыз деген жоспар да болған. Барлығы белгілі болысымен, желпініп, баратынымды айттым. Әкем, ағам үшеуіміз ертеңгі жүрістің бағыт-бағдарын біраз тапқылап, аңшылық ерте аяқталса, жылқы жайын да ескеретін болып келістік... Бірнеше сағат көз шырымын алған болып, таңғы алтыларда тұрып кеттім. Қысқы түн ұзақ, дала өлі қараңғы. Біздің үйдің міністегі торы аты, мен келгелі қолда, көк шөпке байлаулы тұрған. Менен бұрынырақ тұрған ағам шөп салған екен, көк шөпті күтірлете шайнағаны қора сыртынан естіліп тұр. Жағымды үнге құлақ түріп, жұлдызы сиреген аспанға үніле, біраз тұрдым. Дала тым тыныш. Жолға дайындалған торы аттан басқасы, жансыз жатқандай. Жұлдызы сиреген аспан аяздан шытынап тұрғандай, сөнердей өлі сағым бұлдырайды. Ызғарлы қыс демі жұқа киінген бойыма тарап та барады. Тіптіркенген бойымды жия, үйге қарай беттедім. Келісілгендей, сағат сегіз аса жолға шығуым керек болған. Ағам екеуіміз таңғы шай ішіп, бір қыдыру әңгімелер айтып, тағы отырыстық. Ағам балуан денелі, толық адам. Артық сөзге жоқ, болмысы – момын. Денесін көргеннің бәрі, «мына күшпен неге күреспейсің», – дессе, замандастары «мынандай дәу денем болғанда, ендігі «Аймайгын арслан» (моңғол күресінің атағы) болмасам да, «Сумын заан» алатын едім», – деп әзілдеп жатысушы едім. Азан шақырған есімі Қуандық, Қолпи аталып келеді. Бір тұғандардың ішінде қырда, яғни, мал бағуда қалған жалғыз осы кісі. Қалғандарымыз қалаға

Қасқыр атқан (әңгіме)

«керек» болдық.

Сонымен, таң ағара менде атқа қондым. Негізгі бағытым, күңгеймен кетіп, қыраттап жүріп Үштастың төбесіне жету. Сол арада ауылдан шыққан екі «айдаушыға» қосылып, әрмен кетуіміз керек. Бұл, желтоқсанның соңғы онкүндігінің басы. Өр жылдармен салғастырғанда қар аз, атқа бөгет болар қабақ қар, омбы жоқ. Астымдағы торы жеті жасар, қысқы мініске алғаш түскен жылы. Аздаған үркектігі болмаса, аяқ-қолға жуас, елпектеп тұратын жануар екен. Күңгейді бөктерлеп, Үш Үйдің жұртына барып айылын төстей тартып, аялдап тұр едім, алыстан айқай естілді. Торы атта елең етті, соның бағытымен менде теріскейге қарадым. Тіюқыра жағымен шыққан екі серігім Сарыалатасқа жетіп, қол бұлғап тұр екен. Мұның біреуі – Таубек (Тәукен) ағам, әкемнің ініс болып келеді, жасы елуге таяған, өз ісіне ұқыпты, бір тоға адам; екіншісі – жиен ағам Төлеужан, Төкен, Төкіш дейміз, кеңесті мәнерлеп айтатын, қалжыңбас кісі. Айхайды естіп, менде «әгуғайға» салып әңдете, қайта қозғалдым. Бұл кезде торы ат бусанып та қалған. Өрі қарай құмды, қиялау беткеймен жүріп, әрі қабақ қарды омбылаумен межелеген орынға жеткенше, буы бұрқырап, мойнын тер жауып та үлгерді. Кешігіп жеткенімді өзімде білгенім, ағаларым Шаттының мойнағына қарай жортып барады екен. Мойнаққа қарайғы еңісті пайдалана, төрт аяқтағып менде арттарынан құйрықтаып үлгердім.

– Ассалаумағалейкум! Қанжыға майлансын, жолсын болсын, – деп қатарласа, амандастым. Екеуі де жамырай аманымды алып, тізгін тежеді. Сөзді Төкен ағам бастап, «Сен мүлде қате жолмен келдің. Атыңды қинап, иір-қиырға түскенше, Көкмойнақ арқылы Қарақуыспен өтіп, Жолсаймойнақпен Тоғасбайды басып осында келетін жігіт едің», – деп таудың етегін ала жүретін, жаттық жолды айтып жатыр. Түндегі ұсыныс бойынша ол бағыт айтылмағандықтан маңызды болмады, өнбе, маған екі бағытта бірдей еді. Ары қарай желе-жортып Тік-күңгейдің төбесімен Жолсайға өткесін сәл аялдап, айналага дүрбі салдық. Күн тастөбеге таяп қалған. Аспан селдірі бұлтты. Қар құрсаған айнала – күн сәулесімен шағыра көрінеді. Саф ауа, құмар қанбайтын тұнықтық. Алтайдың сілемдегенген орқаш-орқаш тауларына көз жібере, төңіректі түгел шарладым. Маған маңыздысы осы көрініс. Қараған сайын, тау біткен өз биіктігін дәлелдеуге е асығып, көкке ұмтылатындай. Бәрі биіктеп барады.

Басқа әлемге үңіліп бара жатқан ойымды, ағаларымның дүңгірлеп сөйлегендері бұзып жіберді. Теріскейдің быдырмақ, қабақтарынан құйрығын бұлғандата, ің шолыған жалғыз түлкі көзге түскен екен. Екеуі соны сөз етіпті. «Таңнан көргеніміз жалғыз түлкі, кешке дейін Көкжалдың ізін де көре алмай, құр қайтып жүрмейік», – деп үшеуіміз іштегі күмәнді ойды сұрықта шығарып, біраз тұрыстық. Шынымен таңнан бергі жолда қарайған көрген былай тұрсын, қарға түскен із жоқ. Жер таза. Соңғы бораннан кейін тіршілік тоқтағандай, сүрі қардың бетінде маңдаланған ескі сұрлуерлер ғана...

Бағана, Үштастың төбесіне шыға бере, қызыл басталған. Биіктеп, жоғарлаған сайын жұлғылап, екі бетті дуылдатып барады. Аялдаған орнымызда шалапн, тымақтарымызды қайта жымқыра, буынып, аттардың айылын да тартып алып, қозғалдық. Өрменгі сапарды үш бөлек жалғастыруға келісіп, Таубек ағам Жолсайдың Теріскейі арқылы Бейіттақтаны басын қырқып өтіп, Үлкентақтаны шолып, Ожырға үңіліп, Бекенсайына асатын мойнақтағы Серектастарға баруға; Төкен ағам Шолақтақтаға үңіліп, Қоңырдоң жағымен Бекенсайының басын шолып, жаңағы Серектастарға баруға; ал, мен Сулыиық пен Үлкентақтаның төбесін барлап баруға тиісті болдым. Жон таулардың да қары жұқа. Түртіп қалсаң, сарысы бұрқырайды. Басынан аяғына дейін сүрі қар сірейтін Айқабақтар да өлі ашық. Төбінге жарап тұр. Күңгейлердің

де қоқым шөбі арылмаған, жусан мен жирені де бүліне қоймағанға ұқсайды. Осындай қалыппен малдың ішінен шөп кетіп, қиналатын емес. Өткенмен, әулірімдеп қыс қысастығы басталады ғой. Әлі талай, көз қараттырмай қарлы демін үрлер... Жолдың қысқалығынан мойнаққа бірінші барып, күтіп отырдым. Өуелі, Төкіш келді, жүрген жолынан мол-мол шоғырлы ірі қара малдан бөтен ештеңе көре алмағанын айтып, осында аялдап, дүрбі салуды ұйғарды. Аттан түсе, жалданған қабақ қардың төбесінен келіп Шұңқыртақтаға үңіліп, көз жетер жерді бір шолып шықтық. Үлкентақтаның Серегінен қарасы көрінген Таубек ағам бізге қарай сәл қиыстап жүрді да, жалт беріп күңгеймен Шыңның төбесіне қарай кетті. Серек демекші, осы тастардың жаратылысы бөлек енді. Үлкентақта мен біз тұрған Бекенсайының мойнағы, Қасқақұмның төбесі, Байбаланың қарынын жағалай, Тымәктөбеге дейін жалғасқан биік-биік Серектастар. Жаратылысы бөлек дейтінім, кәдімгідей қолдан жинағандай әр-түрлі қалыпта орнай салған. Кейбірі көкке тік шаншылып, кейбірі баурына иіріле біткен; Жұм-бақтас, Бітіктас, Қорғантас іспеттес десем де, неше сан дизайн табуға болады. Теңеуін келтіре жакындатса, «Тау басындағы тасқалаға» – пара-пар. Серектастарға үңіле тұрып, барлаушылықты да қағыс қалдырмадым. Төңерткен машинамен қозғалған аңшылардың Құбаттың жайлауынан қаралары да көрінді. Бірден-екіден бөлініп Талсайды бетке алғанға ұқсайды.

...Біздің ауылдың ұсақ малы жонға кыстап, күзеудегі төбелі қораға түнейтінді. Ауылдың бес үйі отарға кезектеп келеді. Өрісі – Шың мен Ожырдың күңгейі. Сол күнгі ауылдың қойшысы – Қызыр ағам еді. Біз дүрбі салып, қарауылда отырғанда қой Ожырдың күңгейіне айналып, қапталдап келеді екен. Қызыр ағам да сол маңайда жүрген болуы керек. «Тәукен, ағасына кетті. Бізге келмейді екен. Лақтырып кетті, жалқау неме...», – деп Төкен кеңкілдеп күле, – біз де қозғалып, жылқыларға барайық. Менің үйірімді түгендеп, жағдайын көрейік те, сенің жылқыларыңды айдап түсейік. Аңшыларға сосын барармыз, – дегенді айтып атқа қонуға қамданды. Астындағы торысы танауынан буды будақдата, кекіп-жалын желпи, адымдай өрекіліп барады. Жасы да жеткен жуан ат. Алымды, сыйрақты, кедуделі-ақ. Мойнында, құлағында тік ұстайды. Ұстағалы да көп болмаған, іш тартқанмен еті қатып үлгермеген. Менің торымның тартеннендіген екпіні қайтқанмен тебінді, қамшы бастырмай келеді. Қос құлағы қайшылай, елең қағып, сергек қалпын сақтауда. Қателеспесем, мініс көргелі қиыр жолға шығып, малшына терлегені осы шығар. Өйткені, өңге уақытта бір қой кезектен басқа жүріс жоқ. Болған күнде де, ағам қатты жүріске салмай, мүмкіндігінше, қыинамай мінуге тырысады. Жаңағы аттаныстан кейін, Төкен ағам екеміз ауыл жайын, мал жайын, бала жайын, көш жайын біршама әңгімелеп Байбаладағы жылқыларға да жеттік. Өуелі, Серектерден төменірек Қасқақұмға айналатын терең қабаққа қарай көрші ағайын, маған нағашы, Төкенге қайыңжұрт болатын Мақсырдың жылқысы тұр екен. Кеңшілік деген ұлымен сыйластығымыз жақсы, анда едім. «Жонға шықсаңыз, жылқыда қарайлап жүріңіз, санай жүріңіз», – деген өтінішін Төкенге де айтқаны бар екен. Еш қиындығы жоқ жұмыс. Екеуіміз екі жағына шығып, екі-екі қайталап санап шықтық. Екі бөлек – 26 ұяқ жылқы. Өңкей ірі, жабуланған жылқылар. Түгел ме? «Түгел. Өкелгенде осы қалпы болған. Күйлері де жақсы екен», – деп Төкіш, тізгін бұра, етекке қарай тайпалта жөнелді. Байбаланың бергі босағасының шыға берісінде біз іздеген екі бөлек жылқы тұрған. Санап, түгендеп, күйін білдік те, сонда аялдап, дүрбі салдық; аңшылардың қарауылдаған орындарын білгесін, жылқыны екі жақтап құлда-

та бастадық. Екі үйірде дін аман. Күйлері де жақсы. Тек біздің жалбас қарагер биенің өткен боранда шеткері қалғаны көрініп тұр. Жануардың мінер жақ қабырғасы мен сауырысын ала сіресіп қар қатып, күн көзіне тиіп, ери, мұзға айналып қалыпты. Қол тигізсең сықырлап, денесі тітіркенеді. Жалбас – жылқыдағы ең көрісі, кемінде 10-11 туған мама бие. Сондығы ғой, үйірдің шетінде қалып, боранға қабырғасын тосқаны...

Жылқыны етекке түсіріп, өргі ауылдың жайлау жұртына таман келгенде, Ожырдың суағарынан өте, бір аттының құйғытып келе жатқаны көрінді. Іштей болжап келеміз: астындағы аты Тәукендікі, бірақ, үстіндегі өзі емес. Шамасы аңшылардың біреуі барған ғой. Осы топшылауымызды нақтылау үшін Төкен ағам екеміз жылқыны төмен қарай тағы бір қозғап жіберіп, екі жайлаудың ортасын ала алаңқайда аттан түсіп, дүрбі салдық. – Иә, ат Таубектің торысы, үстіндегі Елік екен. Демек, қасқырды көрген сияқты. Мынау, иен қалған Көккөл жағын алғалы бара жатыр, – деп Төкіш дүрбіні сала, сөйлеп тұр. Мен қызық болса, осы жерде болар деп дүрбі орнына телефонның камерасын қосып алдым. Дүрбі көргенді бұлда жақындатады, көз алдына өкеледі. Қасқыр көрініп, мылтық атылар болса, таспалап алмақтың. Сөйтіп, аңшылар қарауылға алған Талсайдың қуыс, қойнауын біреуіміз дүрбімен, екіншіміз телефонмен шолып тұрғанда, Елік жаңағы біз өткен жайлаудың тұсында, биіктігі – кемі 300 метрге жуықтайтын тік-қия бар-тын. Сол қиямен тік шапшып барады. Қазір қар ұстап қалғанымен асты қорым, қарабұта, жыра-жықыт, қойтастарға толы. Осы сәтте, жел лебі де білініп, көзге көрінер биіктерде аққорға жүріп бастаған. Елік, қиялап Талсайдың үстіне де шықты. Анығында, аңшыны алып шыққан Тәукеннің торысы да, жануар терін төге, бар құш-қайратын салған-ақ еді. Қияның шыға беріс үсті, жалғасқан жалпақ омбы қар. Елік тізгін тежеп, тоқтай бере, мылтықтың «тарс» еткен дыбысы да шықты. Мен камерамен қасқыр қайдан қашады деп, елеңдеумен тұрмын. Төкіште де сол жағдай. Аттарымыз да бастарын көкке көтеріп, үрке қарап, шылбырды тарқылайды. Елік аттан түсе, шылбырын тастай салып, жаяу жүгіре жөнелді. Қарауылға алмақшы шығар деп тұрғанда, қасқыр да көрінді. Төкіштен сүйсініп сұрап, айқайлап тұрмын: «қасқыр әнеее келеді. Жаңағы оқ тиген екен. Бұралаңдап қалыпты». Талсайдың бізге қараған беті – жалпақ қарабұта, үстіне қарай жалғасқан созылмалы қабақ, бұйраттар болатын. Осы аралықта жаралы қасқыр бұлата-лақтап, артын сүйрете, жанталасып келеді. Тағы оқ атылды, Бөрі жалт етіп құлады, өлмеді. Жанды жеріне дарымағаны. Қараңдап, қозғалады. Жаны берік-ақ, жыртқыштың. Шамасы, денесін сүйретіп әлсін-әлсін жылжып келеді. Үшінші оқ «тарс» етті. Қарайған сұлба қарға сіңгендей жоқ болды. Бірмен жасырысы келген айқорға тебінін үдете түсті...

– Ал, не тұрыс. Қасқыр өлді. Аңшыларға барайық. Сен ілесесің бе, әлде, жылқыңды айдап жүге кетесің бе – деп Төкен ағам сұрақ тастай, атқа мінуге ыңғайланды. Таңнан бергі жүрістің шарықтау шегінде бұрыла тартсам, күнімнің не қызығы қалады?

– Кеттік. Ең жаманы, жылқыны қонаға айдап барармын. Ертең жабулармыз... – дедім да, Төкішке ілесіп, тарта жөнелдім. Баналы бері, демдерін алып, оған қоса, мылтық даусы мен бері өлімінен елендеп тұрған қос торы қарды бұрқыратып жағаға қарай желе жөнелді. Мұздың қар құрсаған жіңішкелеу жерінен өте салып, өрге қарай бастырмалатық. Қатшекеннің бүркіт ұстап, дүрбі тартатын Қоңырдөңінің желкесімен өтіп, жалпақ Қарабұта мен түйе қорымның екі аралығындағы қой шұбыратын алаңдымен тіке тарттық. Бағанағы, Елік шыққан жердегідей қия болмаса да, бұл жерде біршама

тік. Оның үстіне Қарабұта ұстап қалған сүрі қардың жұқа жерлері ойылып кетіп, аттың тебінін қайтарып жатыр. Олжаларын сүйреткен аңшыларға жеткенше екі аттың алқымы қайта қырау тартып, бозданып, танаулары да делдііп алды. Екі бүйірлерін соға еңгігіп, шелек-шелек бу тастайды. «Қанжыға майлы болсын», – айтып, амандасып, сәл бөгелістік те, келген ізімізге түсіп, ат жетектей қайта қайттық. Үш жерінен оқ тиіп, қарны жарылған қаншық қасқырды аңшылардың біреуі, омбы қар бітеген терең қабақтан төмен қарай зығырта салды. Қиядан бізден бұрын түсті. Аңшылықтың әңгімесі, етекке түскесін, басымыз қосылғасын басталды. Олардың ұзын саны алты. Барлығы қарулы: винтовка, карабиннен аралас. Бөрінде қос көзді винокаль. Жастары отыз бен алпыс аралығында. Үшеуі тағысы, өзіміздің ағайындар: Болыш марқұмның жалғыз ұлы Байқанат, Есілбай (Гончиг) марқұмың кенжесі Сұлубай, жоғарыда тілге тиек етілген Салдат марқұмның Елігі. Қалғандары Өлгейдің тұрғындары. Қыс түсе, ел ішін кезіп, аң аулайды. Бір жағынан көсіптері. Өткен жылы да келіп, осы жерден қасқыр алғандары да сөз етіліп жатты. Біздің сайда ит-құстың білініп тұрғанын Сұлубай ағам естігенді. Сосын, биыл да шақырған. Кеше кештетіп қыстауға келгені, сапарларын бастағандары екен. Айтуларына қарағанда, таңертең біз қозғалған межеден кешірек, сағат тоғызға қарай олар да жылқыған. Ауыл жайлауынан өте, Тасмойнақтың қабақ қарына келіп тірелген. Машина өте алмай, жігіттер сонымен арпалысып жатқанда, қарауылға шыққан Сұлубай қасқырды да байқаған. Жолдастарына қабар бере, жан-жаққа бытырай биіктерді алуға аттансады. Көрінген қасқырдың саны үшеу; Қатшекен жайлауы тұсындағы дөңде қарға аунап, торылдап жатқанға ұқсайды.

Бәрі сәтине салса, біздің ауылдың қойы Көкжырадан өткенде бір тіс салып қалуды жоспарлаулары бек мүмкін еді. Өйткені, өткен күндердің бірінде менімен бірге жүрген Тәукен ағамның қой кезегінде дәл мен меңзеген орында тапа-тап түсте қасқыр шауып, айқай-сүреңмен әрең айырып алған да жағдай болған. Сондағы тістінің адамнан қорықпайтынын айтып, «шамасы, енді дәніккен күшік қасқыр-ау», – деген топшылау айтылатынды. Аңшылар көрген бүгінгі бөрілер де сондай, қорқу, қашу жоқ. Таңғы андыстан кейін, жаңағы үш қасқыр жай басы жалпақ Қарабұтаға шығып, бауырын қарға төсеп тұр ауғанша жатқан. Қарулылар далдасарға менен баспалап Құбаттың жайлау арқылы Талсайдың суағар жақ биігіні алған. Бірнешешуі бергі етекте қалған. Тек, Көккөл жағы мен күңгейге қарсы беті қараусыз қалған. Аңшылар, Тәукен ағам бізден бөлініп, Үлкентақтың серегі арқылы Шыңның төбесіне келгенде барып, атын сұрап алған. Біз жылқы айдап түскенде, Еліктің торымен бастырмалата тік шапшуының мәні осы екен.

Елік торы атпен қараусыз тарапты алған соң барып, оқ шығарған. Өсіпінде, аңшылар үш қасқырдың біреуі ғана қарауылға ілінді деп ойлаған. Өкінішке орай, алғашқы оқ атылған сәтте қасқыр атылған қабақтан төмен, жалпақ Қарабұтаның быдырмағынан тағы бір бөрінің атып тұрып, құйрығын бұтқа қысып, Талдыжыраның қотырына қарай безгені белгілі болды. Бұны етекте оқиғаны дүрбілеп жатқан Сұлубай көріп, оқ атуға алыс жер болғанын айтып, санын соқты. Ал, Тәукен ағам Шыңның төбесінде Қызыр ағаммен кездесіп отырып, дүрбімен тағы үш бөрінің Талсай көлінің тұйығына шығып кеткенін көрген. Қысқасы, жонды мекендеген топты қасқырдың жортуылы расталды. Суықсайға шекаралас Ұерт (Таскынды), Жалғыззағашты мекендеген отарлар мен жонын қыстаған ірі қара малға маза бермей тұрған жыртқыштар осылар. Бұл сайлар – қар мол түсетін, үп еткен жел шықса, боран басталатын, екі күнінің бірі тұманмен өтетін суық жерлер. Қыстау жағына болмаса, жонына дала аңы тоқтамайды. Сол себепті, ит-құс

пен өзге жыртқыштың аңдитыны отар мен жылқы-сыыр.

Осы жолғы аттаныс, аңшылық өз мақсатын орындады деп ойлады. Тау арасына із түсті, бірнеше мәрте оқ атылды, жаңғырығы таяу таудың бәрін кезді. «Айдаушы» атағымен жолға шыққандар, үйірімен қасқыр үркітпесе де, «Жүйрікторының» тері бос кетпеді, олжа-бөрінің алдын орап, аңшыларға байлап берді, алымдылығын көрсетті. Бір қасқыр атылып, қаны төгілді. Селде болса, бес-он күнге тынышталар деген үмітпен ұлап-шұлап үйге қайтыстық. Көңілдегі бір күмәнді ойды екі ағам, үшеуіміз біраз сөз қылдық та, «қойға шапқыш бір көкжал болса да, кеміді. Өзгесін қайтеміз», – деп әңгімені басқа арнаға бұрдық. Аңшылық ғана емес, күнделікті тіршіліктің ескі ғұрпын қай қазақ ұстанып отыр дейсің? Айтылатын бір-ақ ауыз сөз – түйіндіде бар көңілдің ырзалығы жатқан...

Бұл уақытта, олжаларын машина ашасына байлаған жолаушылар жайлау жолынан қарасын да жасырған. Артта қалған үшеуіміз, аттарымызды желіс-аянға салып, кекілдерін желкілдете, Қадау ағамның жұртына келіп те қалдық. Төңерткен Төкен ағам екеуіміз құлдатқан жылқылар биебау тұсына келіп, Аққашаның қабағында тұр екен. Төкен ағамның жылқысын сол жерге қалдырдық та, біздің Күрөң айғырдың үйірін алдыға салып, «қыстау қайда-сың» деп тартып келеміз. Бұл шамамен сағат екіге таяған, көлеңке де еңкейген кез. Таңғы жүрістен бері, аттар да, өзіміз де болдырдық. Аш өзекке түспесе де, асқазан ұлуға өзір. Артта қаншама шақырым қалды: иір-қиыр, өр-еңіс, тік-қия; жыра-жықыт, бел, мойнақ, қырат-қырқа, қабақ-қабақ омбы қар т.б. айта берсен, қысқа бір күнге лайықты соқпақты шыырлаппыз. Ара-арасында күңкілдеп ұсақ-түіек бірденелерді сөз етпесек, ұзын-сонар әңгіме айтпай, көбіне аялдап, арасында желе-жортып қыстауға да жеттік. Өргі қыстаудағы бастаудан атыма су ішікізіп, көшеуілдеп жеткен екі ағаммен қол бұлғап, қоштастым да, жылқының артынан құйғыта жөнелдім. Сол беті, үйірді өз қыстау қорамызға әкеліп, қамадым. Әкем мен ағам да дайыны отыр екен. Үш жақтап биелер мен жабағыларды жабулап, құйрық-жалдарына мотордың қара майын сіңірген шүберектер байлап шықтық.

Бұлда, дала малына қысқы боранда сеп болсын, ала-құла мен иістен қасқыр да жасқанар деген – қорғандуып, бес малды сақтап қалудың қамы. Бірақ, бұйырғанын жейтін Бөріекен, қас қылғандай жыртпай-бүлдірмей жабуын, жал-құйрықтағы шүперегін ғана қалдырдып, «қан жылатып» кететінін қайтерсің!? Жалпы, тау-ұлытардың екінші жұты – тұз тағысы. Өр отбасы жыл бойы бірлі, еклі ірі қара, ұсақ малдан одан көбірек беріп шығады. Осылай, қыр қазағы несібесін малдан тапса, тұз тағысы да таулықтардың еңбегінен хоректенеді. Көкжалмен жақындығымыз, болмысымыздың ұқсастығы туралы ертеден жеткен аңыз бар еді. Сол үйлесім, бірлікті қасқыр-қазақ әлі сақтап келеді-ақ!

Қас қарая жоспарланған жұмыс та, өз мәресіне жетті. Жылқыларға барытталған жұмысты тәмамдап болысымен, Күрөң айғырды мойын, жалынан сыйпалап қолға тұрғызып, ұстап алып, біраз сырласып бақтым. Жүас, жануар. Тыныын тағдырын білетін, көзіме ыстық қазанат. «Өй, Күрөң айғыр! Денен шығатын жылғы қысың есінде ме?», – деймін. Айғырым, иіскелей мойын бұрып, төңкерсе көз қиығын тастайды. Жәудіреген жанарында секем аз, мойынсыну мен илану бар. Тіл бітер болса, жануар сол қысты ғана емес, содан бергі өмірін түгесе баяндап берер ме еді?! Бірақ, бір-бірімізге мейірленген осы қарасымыз-ақ, көп көріністі түйсігімізде сайратты. Ол жайлы жаңа паракта сөз етермін...

Күрөң айғырды арқаннан босатып, маңдайынан бір иіскеп, үйріне қосып, жолға салдық. Ағам, жылқыларды жонға бағыттап, айдап кетті. Мен күндізгі сапарды ойымда қорытып, ымырт жабылғанша әкемінің жанында отырдым. Кеш мезгілінде осылай Іргетастың үстінде күбірлем отыру – бала күнімнен бері әкем екеміздің әдетіміз еді...

ADEBIPORTAL.KZ

АҚТӨБЕДЕ ДАЙЫН ҚҰЖАТТАРДЫ ЖЕТКІЗУ ҚЫЗМЕТІНЕ СҰРАНЫС АРТЫП КЕЛЕДІ

Үйге дайын құжаттарды жеткізу қызметі азаматтарға ХҚКО-ға қайта бармай-ақ дайын құжаттарын алуға мүмкіндік береді. Бүгінде бұл қызмет Қазақстанның барлық өңірінде қолжетімді және Ақтөбе облысында да біртіндеп кеңінен қолданылып келеді. 2026 жылдың басынан бері өңірде дайын құжаттарды жеткізу бойынша шамамен 50 тапсырыс орындалды.

Жеткізу қызметін мемлекеттік қызметке өтініш беру кезінде рәсімдеуге болады. Ол үшін жеткізу мекенжайын көрсетіп, қызмет ақысын төлеу жеткілікті. Құжат дайын болғаннан кейін курьер қызметалушымен байланысып, құжатты көрсетілген мекенжайға жеткізеді. Құжатты тапсыру кезінде қызмет алушының жеке басы жеке куәлігі мен растау коды арқылы сәйкестендіріледі. Бұл сервис уақытын үнемде-

уді қалайтын немесе ХҚКО-ға жеке келуге мүмкіндігі жоқ азаматтар үшін өте қолайлы. Курьерлік жеткізу 15 мемлекеттік қызмет түрін қамтиды. Олардың қатарында туу, неке қию, некені бұзу және қайтыс болу туралы қайталама куәліктер, архивтік анықтамалар, білім туралы құжаттардың телнұсқалары, апостиль қою, сондай-ақ азаматтық хал актілері жазбаларын қалпына келтіру қызметтері бар. Қызмет құны – 1036 теңге. Сонымен қатар, жеткізу барысын толық бақылауға болады. Тапсырыстың мәртебесін «ЦОН» мобилды қосымшасы арқылы қадағалауға мүмкіндік бар.

Аталған сервис азаматтардың дайын құжаттарды алу процесін барынша ыңғайлы етуге, уақытын үнемдеуге және ХҚКО-ға қайта келу қажеттілігін азайтуға бағытталған.

2027 ЖЫЛҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНЕ БІРҚАТАР ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛЕДІ

2027 жылдан бастап зейнеткерлік жасқа жеткен салымшыларға инфляция деңгейіндегі айырманы біржолғы өтеуді көздейтін бюджеттік кіші бағдарлама оңтайландырылады. Әлеуметтік саланы жаңғырту шеңберінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық банкмен және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен бірлесіп азаматтардың зейнетақы жинақтарынан қорғаудың неғұрлым тиімді әрі ашық моделіне кезек-кезеңімен көшу жүзеге асырылып жатқанын хабарлайды.

Әлеуметтік кодексіне сәйкес мемлекет азаматтардың зейнетақы жинақтарының сақталуына кепілдік береді. Кодекстің 217-бабында БЖЗҚ-дағы міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген сомасының сақталуына мемлекеттік кепілдік заң жүзінде бекітілген. Осы норма өзгеріссіз сақталады.

— 2027 жылдан бастап зейнеткерлік жасқа жеткен салымшыларға инфляция деңгейіндегі айырманы біржолғы өтеуді көздейтін бюджеттік кіші бағдарлама оңтайландырылады. Бұл қадам зейнетақы жүйесін икемдірек, кәсіби әрі ұзақ мерзімді нақты инвестициялық табыстылыққа бағдарланған жүйеге айналдыруға бағытталған кешенді реформалардың жалғасы.

2026 жылғы қыркүйектен бастап (2026 жылғы 7 шілдеде қол қойылған заңға сәйкес) зейнетақы жинақтарын басқарудың жаңа тәртібі күшіне енеді. Негізгі өзгеріс — бұрын қолданыста болған шектеулердің толықтай алынып тасталуы. Егер осыған дейін салымшылар жеке инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) зейнетақы активтерінің 50%-ынан аспайтын бөлігін ғана сенімгерлік басқаруға бере алса, енді бұл шектеу толығымен жойылады. Азаматтарға жинақтарының 100%-ына дейін жеке басқарушы компанияларға беру құқығы ұсынылады. Осылайша, қазақстандықтар өз қаражатын басқаруда толық тандау еркіндігіне ие болып, тәуелсіз төмен немесе жоғары табысты инвестициялық стратегияны өз қалауынша тандай алады, — делінген министрлік хабарламасында.

Мұндай жағдайда инфляциялық төуекелдерді мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен автоматты түрде өтеудің экономикалық негізі жойылады. Өйткені салық төлеушілердің қаражаты азаматтардың жеке инвестициялық шешімдерінің нәтижесін өтеу жұмсалмауы тиіс. Сонымен қатар жеке инвестициялық портфельді басқарушылар қатаң қаржылық жауапкершілікке ие және теріс инвестициялық нәтиже туындаған жағдайда айырманы өз капиталы есебінен өтеу-

ге міндетті. Оларға меншікті капитал көлеміне (кемінде 1,9 млрд теңге немесе 440 мың АЕК) және қызмет тәжірибесіне қатысты жоғары талаптар қойылады. — Консервативті инвестициялық тәсілді таңдаған салымшылар үшін негізгі басқарушы бұрынғыдай Ұлттық банк болып қала береді. Әлеуметтік кодексте Ұлттық банктің зейнетақы активтерінің сақталуын қамтамасыз етуге және ұзақ мерзімді нақты табыстылыққа қол жеткізуге ұмтылуға міндетті екені заңнамалық деңгейде бекітілген. 2028 жылға дейінгі Стратегиялық жоспар аясында Ұлттық банкке зейнетақы активтерінің табыстылығын инфляция деңгейінен кемінде +1 пайыздық тармаққа арттыру міндеті жүктелген. Бұл ретте активтерді инвестициялау жоғары деңгейдегі әртараптандыру қағидаттарына сәйкес, сапалы шетелдік қаржы құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар валюталық активтердің үлесі кемінде 30% деңгейінде сақталады, — делінген хабарламада.

Қазіргі уақытта Еңбек министрлігі қолданыстағы зейнетақы жүйесін трансформациялау мәселелері бойынша жұмыс тобын құрды. Оның аясында сақтандыру құрамдасын енгізу, «4+1» моделі, еңбек өтілі 40 жылға дейін есепке алу, сондай-ақ Сингапурдың зейнетақы жүйесінің моделі сияқты түрлі тәсілдер қарастырылды. Зейнетақы жүйесін жаңғыртудың басты мақсаты — азаматтарды еңбек өтілін ескеретін және жоғалған табысты Халықаралық еңбек ұйымының стандарттарына сәйкес кемінде 40% деңгейінде алмастыруды қамтамасыз ететін БЖЗҚ-дан өмір бойғы үздіксіз төлемдермен қамту. Осы мақсатта Үкімет зейнетақы жүйесінің әлеуметтік сақтандыру құрамдасын қалыптастыру бағытында жұмыс жүргізуде. Ол азаматтардың зейнетақы жинақтарының көлеміне тәуелсіз, бірақ олардың зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін ескеретін, БЖЗҚ-дан өмір бойғы тұрақты төлемдерді қамтамасыз етуге бағытталған. Осыған байланысты мемлекеттік кепілдік шеңберінде төленетін біржолғы өтемақының өзектілігі жойылады.

Мемлекет қабылдап отырған барлық шаралар әлеуметтік қолдаудың атаулылығын арттыруға, бюджет қаражатын тиімді пайдалануға және ең бастысы — қазақстандықтардың ұзақ мерзімді әл-ауқатын қамтамасыз ететін сенімді, ашық әрі табысты зейнетақы жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Айта кетелік жеткіліктілік шегі артқан соң зейнетақы жинағын сақтандыру компаниясына аудару екі есе өсті.

Назым БӨЛЕСОВА,
kaz.inform.kz

Туған жерді түлеткен

Биыл еліміздің Тәуелсіздік алғанына 35 жыл толады. Тәуелсіздік бәрінен қымбат десең, ал тәуелсіздікті енді ғана алған өтпелі кезеңдегі ауыртпалықтарды жеңу, бұрынғы үйреншікті тірлігінен, үйреншікті соқпағынан ажырап, қалың тұман арасында қалғандай күй кешкен жұртты жаңа өмірге жұмылдыру, күн сайын тек қиыннан қиыстырып қана жолы табылатын сандаған мәселемен бетпе-бет келу мүлде оңайға түспегенін де ұмытпау керек. Бұл орайда өсіресі қазіргі аға ұрпақтың жөні бөлек.

Бүгінгі кейіпкеріміз — «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, «Ойыл ауданының құрметті азаматы» Ғазиз Займолдаұлы да тәуелсіздікті нығайту жолындағы жылдардың тарихы түгенделер тұста біздің өңірімізден есімі алдымен аталуға тиіс азаматтардың қатарынан деп білеміз. Ол көп жыл бойы бұрынғы кәсіптік училищенің, кейінгі лицейдің, бүгінгі колледждің директорының орынбасары, одан соң басшысы болып, тізгінін ұстаған оқу орнының кейіннен тығырыққа тірелген тұтас бір ауданның қайта өңдеу көтеру, алға ұмтылу алаңына айналуы тіпті де тегін емес еді.

Балалығы соғыстан кейінгі жұпыны жылдармен тұспа-тұс келген Ғазиз еңбекқорлықтың, табандылықтың үлгісін өз ата-анасынан көріп өсті. Облыстың орталығынан шалғай жатқан туған ауылы Қараой — қарапайым да қайсар, қандай ауыртпалықты да тек еңбекпен жеңіп үйренген берекелі жандардың мекені болатын. Әкесі Займолда Жұмалыұлы Ұлы Отан соғысынан оралғаннан кейін, колхозда ферма меңгерушісі, егісте, мал азығын дайындайтын бригаданда жетекші болды, кейіннен совхозда бригадирдің көмекшісі болып еңбек етті. Анасы Қалима сыыр фермасында сауыншы еді. Сауылып, тартылған сүтті таң атпай Ұлы Отан соғысының мүгедегі Мұхит Омаров өгіз арбамен колхоз орталығына өкетеді. Соған үлгеру үшін сауыншылар түн ортасынан әбігерге түсетін.

Ол заманда колхоздың таусылмайтын қыруар шаруасына ересектермен бірге балалар да үлкен жауапкершілікпен қарап, шыңдалып өсетін еді. Ғазиз Займолдаұлы да еңбекке ерте араласты. Сыыр фермасында бұзау бақты. Тың игеру жылдарында өзі құралпы балалар секілді егісті күзетті. Мектепті бітірген жылы құжаттарына байланысты жоғары оқу орнына барып, бақ сынауға үлгермеді. Әкесінің қасында қырманды еңбек етіп жүрген жерінен, қыста аяқ астынан мұғалім керек болып, мектепке орналасты. Қапыржан Мұхтаров, Әтшібай Тіржанов, Қален Тоқмағамбетов, Ханбibi Мұқашева, т.б. ұстаздардың тәрбиесімен білім беру ісіне біржолата бет бұрды. Кейіннен Оралдағы А. Пушкин атындағы педагогикалық институтты бітірді.

Туған ауылында мұғалім бола жүріп, қоғамдық негізде мектептегі бастауыш комсомол ұйымының хатшысы және совхоздың комсомол ұйымы хатшысының орынбасары қызметін де атқарды. Осы жылдары ауыл жастарын мерекелерді жаңаша, мазмұнды атап өтуге, түрлі үйірмелер ұйымдастыруға, аудан, облыс көлеміндегі жарыстар мен байқауларға қатысуға, совхоз орталығында саябақ ашу ісіне

атсалысуға, т.б. жұмыстарға жұмылдырып, өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен танылды.

1971 жылы Ғазиз Займолдаұлы облыстық комсомол комитетінің ұсынуы бойынша Ойыл аудандық комсомол комитетінің екінші хатшысы болып сайланды. Осы қызметтен кейін, аудандық партия комитетінде партиялық-ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы болып еңбек етті. Ал 1976 жылы Ойыл орта кәсіптік-техникалық училищесі директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.


Кеңес билігі шаруа мен жұмысшы табының мәртебесін бәрінен биік деп жариялағанымен, өткен ғасырдың 70-80-жылдарына тұспа-тұс келген тоқырау кезеңінде қоғамда шаруа, жұмысшы мамандарын даярлайтын оқу орындарына салғырт көзқарас қалыптаса бастады. Тіпті мектептегі үлгерімі төмен, тәртібі нашар балаларға мұғалімдер: «8 класты әуірімдеп бітір де, кәсіптік-техникалық училищеге бар» — деп, нақ бір үкім айтқандай, кесіп айтып, құлағына құя беретін. Ойылдағы училищенің де жағдайы төмен еді. Жаңа ортаға келген жас маман алдымен облыс орталығындағы кәсіптік-техникалық училищелерге барып, тәжірибе жинауды көздеді. Ақтөбеде облыстық кәсіптік-техникалық білім беру басқармасының басшысы оны түсіндіктеріне қабылдап, қалалық №107, №100 училищелерге бағыттады. Осы оқу орындарындағы жұмыстармен, іс-қағаздармен танысып, үш күн тапжылмай отырып, керек қағаз-құжаттарды көшіріп те алды.

Жаңа қызметінде алдымен тәртіпке көңіл бөлді. Училище жатақханасында тұратын оқушылардың ішімдік ішіп, есік-терезе сындырып, жүгенсіз кеткеніне мұғалімдер мен жатақхана кезекшілерінің еті үйренген. Кейбірі: «Осы балалар бізді зейнетке абыроймен жеткізер ме екен?» — деп уайымдайды. Енді директордың орынбасары таңерттеп ерте келіп, бәрінің сабаққа қатысуын, ал кешкісін міндетті түрде шағын жиын өткізіп, ұйқыға уақтылы жатуын күн сайын қадағалайтын болды.

Аудандағы барлық елді мекенді аралап, ата-аналармен жұмысты жолға қоюға күш салды, сондай-ақ училищеге басқаларға үлгі бола алатындай, жақсы оқушыларды да тартуға тырысты. Мысалы, сегізжылдықты жақсы бітіріп келген Асқар Аймұқатов училищеде үш жыл бойы Ленин комсомолы стипендиясын алып, үздік оқыды. Ленин комсомолы стипендиясы қомалы, әрі сирек тағайындалатын, ілуде біреудің ғана қолы жететін өте абыройлы шәкіртақты еді.

Осындай жұмыстар нәтижесінде жергілікті тұрғындардың арасында училищеге деген көзқарас та өзгеріс бастады. Оқу орны жыл сайын 150 оқушы қабылдауға тиіс болатын. Ал бұл тапсырма 1979-1980 оқу жылында алғаш рет орындалды.

1993 жылы Ғазиз Займолдин училищенің директорылығына тағайындалды. Сол кезең туралы көзбен көргендердің естелігіне жүгінесек, «Ақтөбе» газетінің журналисі Аманғос Орынғалиұлы былай деп жазыпты: «Аз уақыттың ішінде селолық училищеге жоғары кәсіптік-техникалық лицейге айналды. Уақыт талабына



сай жаңа мамандықтар беретін болды. Бұрынғы мал, егін өсірумен айналысатын қосалқы шаруашылық нығая түсті. Халыққа қызмет көрсетудің түрі ұлғайды. Жем-шөп сатумен шектелмей... Моквадағы «Зенит» зауытынан бірнеше миллион теңгеге қуатты диірмен әкелініп, қондырылды. Ол енді сменасына бір тонна бидай тартып, 1, 2-сортты ұн шығарады. Аудан бір ұрттам бензин таба алмай жатқанда, ол өз алдына жеке мұнай базасын ашып алды... Жақсы көлік, өнерлі той, жайлы асхана — түгел осында. Ойылда осы оқу орнына оқуға түсу, тіпті сыпырушы, не жай механикатор, не шофер болып жұмысқа тұру бәсекеге, арманға айналды. Студентке жоғары мөлшерде стипендия төлейді, мұғалім, жұмысшы, қызметкер уақтылы жалақы алады».

Халық күн көріп келген негізгі сала — мал шаруашылығы тұралаған, астығы, мұнайы, пайдалы кені жоқ ауданның жағдайы осы тұста құлдырағанға соншалық, тіпті аудандық әкімдік те жылусыз отырды. Ауылдарға жарық беру тоқтап, электр сымдары, бағаналар ұрлана бастаған. Тұқым тапшылығы себепті көктемгі егістің жайы үлкен уайымға айналған. Мал ұрлығы өршіп тұрды. Көптеген отбасылар шаруашылықтар тарағанда үлеске алған малын арзанға сатып жіберіп, күнкөріс көзінсіз қалған. Халық уақтылы жалақы, зейнетақы алу дегенді ұмытқан.

1997 жылы 17 ақпанда Ғазиз Займолдин Ойыл ауданының әкімі қызметіне тағайындалды. Оған тез арада ауданның әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалына талдау жасап, даму бағдарламасын әзірлеу тапсырылды. Сонымен бірге бір аптаның ішінде аудандық әкімдік ғимаратының жылу жүйесін қалпына келтіруге тапсырма берілді. Бұл тапсырмалар уақтылы орындалды, алайда өзі жоспарлағандай, алғашқы күндерде осы істермен ғана айналыспай, қабылдауына сұранған тұрғындардың арыз-шағымдарымен жұмыс істеуге де тура келді. Халықтың көбіне сұрайтыны — азық-түлік...

Бұл бірден-ақ көктемгі егістің жайын ойлауға мәжбүрледі. Тұқым тапшылығы өз алдына, жанар-жағар май да жоқ еді. Ал облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы, азық-түлік корпорациялары: «Ойыл ауданы егін егуге тиімді емес. Мемлекеттің көмегі текке кетеді», — деп, жолатқылары келмеді. Сол кездегі облыс әкімі Аслан Мусиннің қабылдауына барып қана, 500 тонна бидай тұқымы алынды. Ақтөбе ауыл шаруашылығы тәжірибе стансасы 5 тонна тары тұқымын тегін берді.

Көктемде аудан шаруалары 20 000 гектар жерге егін екті. Аудан орталығының тұрғындары бау-бақша егуге жұмылдырылды. Сол жылы егін де, бау-бақша да бітік шығып, мол өнім жиналды. Кейбір шаруашылықтар гектарынан 18 центнерге дейін өнім алды.

Басты жұмыс халықтың үмітін оятып, қарекет етуге жетелеу еді. Бұл мақсатты іске асыруға ардагерлер шақырылды. Ы.Бақтыгереев, С.Келінберлин, Ж.Бисалиев, К.Нұрымгереев, Ғ.Жұмбергенов, т.б. ел ішіндегі қазыналы қарттар халық арасындағы тәрбие жұмысына шын пейілмен кірісті. 2001 жылы Көкжар жәрмеңкесінің 150 жылдығы мен Ойыл ауданының 80 жылдығын лайықты атап өту мақсатында «Қос мереке» қоры құрылды. Осы той аясында жан-жақта жүрген ойылдық іскер азаматтар, кәсіпкерлер жұмылдырылып, ауылды көтеру, күйзелген шаруаны түзеу бағытында біраз жұмыс жасалды. Көкжар жәрмеңкесінен қалған көне ғимараттар қалпына келтірілді. Аудан орталығындағы қазақ орта мектебі мен екі қатарлы балабақша ғимараты жөнделді. Ауданның өткені мен бүгініне арналған «Түлеген Ойыл өңірі» атты кітап жарыққа шықты.

Аудан әкімі қызметін 6 жыл абыроймен атқарып, 2003 жылдың сәуір айында Ойылдың кәсіптік-техникалық лицейіне қайта оралды. Осы қызметте жүріп, 2008 жылы еңбек нарығына қажетті мамандар даярлау ісіне сіңірген еңбегі үшін «Ақтөбе облысының жыл адамы» атанды. Оқу орны 2009 жылы өңірге ауыл шаруашылығы мамандарын даярлайтын Ойыл аграрлық колледжіне айналды. Материалдық-техникалық базасы, озық технологияларды енгізуі жағынан колледж — аймақтағы мақтаулы оқу орнының бірі. Сондай-ақ колледж ұжымы қайырымдылық бағытта да көптеген істерге ұйытқы болып келеді.

«Туған жерге туынды тік!» дегендей, саналы ғұмырын туған жерді көркейту жолындағы тынымсыз еңбекке арнаған Ғазиз Займолдин бүгінде 80 жасқа толып отыр. Ол зайыбы Екаторинамен бірге отбасында ұл-қыз тәрбиелеп өсіріп, немере-шөберелер сүйді. Балалары да ата-ана жолын қауып, бүгінде әр салада абыройлы қызмет етіп жүр. Бұл әулет 2021 жылы «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауында жеңімпаз атанып, облысымыздың мақтанышына айналды. Туған жердің жанашыры боп ғұмыр кешу — үлкен бақыт. Сол бақыт маңдайына жазаудың Ғазиз аға мен оның ұрпақтары өлі де ел алғысына бөлене береді деген сенімдеміз.

Индира ЖАЙМАҒАМБЕТОВА.

